

«Алма Телекоммуникациялар Қазакстан» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ («АлмаТел Қазакстан» АҚ) ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАРЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Уәкілетті органның жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың шынайылығын растамайды.

Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектіде берілген барлық ақпарат шынайы және акционерлік қоғам мен орналастырылған акцияларға қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайды деп растайды.

Акционерлік қоғам бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазакстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған корпоративтік оқиғалар, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және аудиторлық есептер, акционерлік қоғамның аффилирленген тұлғаларының тізімдері туралы ақпаратты, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушы орган мүшелеріне төленетін сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Қазакстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік және аудиторлық есептер, акционерлік қоғамдардың аффилирленген тұлғаларының тізімдері туралы ақпаратты, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушы орган мүшелеріне төленетін сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында орналастыру ережелерін бекіту туралы» 2016 жылғы 28 қаңтардағы №26 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген) белгіленген тәртіпте және мерзімде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

Эмитент өзгерістер туындаған кезден бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазакстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру арқылы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы бағалы қағаз ұстаушыларға Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістерді Қазакстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік және аудиторлық есептер, акционерлік қоғамдардың аффилирленген тұлғаларының тізімдері туралы ақпаратты, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушы орган мүшелеріне төленетін сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында орналастыру ережелерін бекіту туралы» 2016 жылғы 28 қаңтардағы №26 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген) белгіленген тәртіпте хабарлайды.

Алматы қ.

1. Қоғам туралы жалпы мәліметтер

1. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес Қоғамның атауы:

1) қоғам мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күн

«Алма Телекоммуникаейинс Қазақстан» акционерлік қоғамы (бұдан былай – «Қоғам») 06.02.2017 жылы Алматы қаласы Әділет департаментінің Алмалы ауданының Әділет басқармасында тіркелген. 06.02.2017 жылғы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама.

2) қоғамның толық және қысқартылған атауы (қоғам жарғысында шет тіліндегі толық және қысқартылған атауы қарастырылса, осындай атауы қосымша көрсетіледі):

- Қоғамның толық атауы:

а) мемлекеттік тілде: «Алма Телекоммуникаейинс Қазақстан» Акционерлік қоғамы;

б) орыс тілінде: Акционерное общество: «Алма Телекоммуникаейинс Казахстан»;

в) ағылшын тілінде: «Alma Telecommunications Kazakhstan» Joint Stock Company;

- Қоғамның қысқартылған атауы:

а) мемлекеттік тілде: «АлмаТел Қазақстан» АҚ;

б) орыс тілінде: АО «АлмаТел Казахстан»;

в) ағылшын тілінде: «AlmaTel Kazakhstan» JSC

3) қоғам атауы өзгерген жағдайда барлық алдыңғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ өзгертілген күндері көрсетіледі

Қоғам атауы өзгерген емес.

4) қоғам заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдастырылу нәтижесінде құрылса, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) қоғамға қатысты құқылы мирасқорлық туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қоғам «Алма Телекоммуникаейинс Қазақстан» акционерлік қоғамына түрлендіру арқылы «АЛМА-ТВ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған.

Қоғам «АЛМА-ТВ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің барлық құқықтары мен міндеттерінің және бүкіл мүлкінің жалғыз құқықтық мирасқоры болып табылады.

5) қоғамның филиалдары мен өкілдіктері болса, заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркеу күндері, орналасқан жерлері, пошталық мекенжайлары көрсетіледі.

Перспективіне жасау күніне Қоғамның тіркелген филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес қоғам орналасқан жер, қоғамның бизнес сәйкестендіру нөмірі, байланыс телефондарының, факсінің нөмірлері, электронды поштасының мекенжайы, сондай-ақ қоғамның нақты мекенжайы Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің тізіміне енгізілген мекенжайдан ерекшеленсе, нақты мекенжайы көрсетіледі.

Қоғамның орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қ., Алмалы ауданы, Әйтиев к-сі, 23-үй
---------------------------------	--

БСН	940540000499
Байланыс телефондары	+7 727 2500-510
Электрондық пошта мекенжайы	info@almatv.kz

3. Халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері қоғамға немесе ол шығарған бағалы қағаздарға берген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер:

Акционерлік қоғамға немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының несиелік рейтингтік агенттіктерінің және өзге рейтингтер берілген жоқ.

2. Қоғамның ірі акционерлері немесе құрылтайшылары және органдары

4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден қайта құрылған қоғамдар немесе сот шешімі бойынша жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу жарамсыз деп танылған қоғамдар үшін қоғамның жарғылық капиталына қатысудың 10 (он) немесе одан аса пайыздарына ие қатысушылар көрсетіледі, соның ішінде:

заңды тұлға қатысушысының атауы, орналасқан орны	Қоғамның жарғылық капиталында қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан көп пайызына ие қатысушылар алдын ала төлеген акциялар саны және түрі (түрлері)	қатысушылар қоғамның жарғылық капиталына қатысудың 10 (он) немесе одан аса пайыздарына ие болған күн
«Ordabasy Communications» ЖШС Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әйтиев көшесі, 23-үй	50 572 714 (елу миллион бес жетпіс екі мың жеті жүз он төрт) жай акция	06.02.2017 ж.

5. Қоғам органдары:

1) Қоғамның директорлар кеңесі:

Қоғамның Директорлар кеңесі құрылмаған – Қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

2) Қоғамның алқалық немесе дара атқарушы органы:

Қоғамның Дара атқарушы органы – Бас директор сайланбаған - Қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

Қоғамның Жалғыз Құрылтайшысының 30.12.2016 жылғы №1 Шешіміне сәйкес барлық қажетті құжаттарға қол қою құқығымен Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға, сонымен қатар Қоғам органдарын құрғанға дейін үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда оны мүддесін ұсынуға уәкілетті тұлға Суйменбаев Арслан Аманбекович болып табылады.

3) Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері:

Директорлар кеңесінің комитеттері құрылған жоқ - Қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

4) Ішкі аудит қызметі (болса):

Ішкі аудит қызметі құрылған жоқ – Қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

6. Қоғамның аффилирленген тұлғалары:

Қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

7. Заңды тұлғаның жарғылық капиталында акциялардың немесе қатысу үлестерінің 10 (он) немесе одан көп пайызына ие, заңды тұлға болып табылатын қоғамның аффилирленген тұлғасына қатысты қосымша келесілер көрсетіледі:

заңды тұлғаның толық атауы және орналасқан орны	қоғамға тиесілі акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің пайыздық қатынасы	қызметтің негізгі түрі	Қоғам қатысу үлестеріне ие бола бастаған күн
«Alma Guide» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қаласы, Әйтиев көшесі, 23-үй	20% (жиырма) пайыз	баспа қызметі	06.02.2017 ж.
«Шымкент-онлайн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, 160000, Шымкент қаласы, Тоқаев к-сі, 27-үй	100% (жүз) пайыз	Мәліметтерді тарату желілерін және жүйелерін пайдалану, кабельдік телевидение желілерін және жүйесін ұйымдастыру бойынша қызметтерді ұсыну	06.02.2017 ж.

3. Қоғамның қызмет түрлері

8. Қоғамның қызмет түрлері:

1) қоғамның жалпы кірісіндегі үлестерін көрсетіп, мезгілдік сипатқа ие қызмет түрлерін көрсетіп, қоғамның қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

Қоғам қызметтің келесі түрлерін ұсыну бойынша қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) телевизиялық және (немесе) радиотаратуды ұйымдастыру жөніндегі;
- 2) байланыс саласында қызметтер құру, енгізу және ұсыну;
- 3) қазіргі бар жер серіктік, кабельді, басқа да байланыс жүйелерін пайдалану және жаңаларын құру;
- 4) деректер беру қызметтерін ұсыну (соның ішінде Интернетке және IP-телефонияға кіру қызметтері);
- 5) баспа, аудио көру, кино және басқа да өнім түрлерін шығару, көбейту, тарату;
- 6) музыкалық өнім өндіру және тарату;
- 7) баспа қызметі және жарнама қызметтері;
- 8) инновациялық, енгізу, ұйымдастыру, консалтингтік, делдалдық, инжирингтік, маркетингтік, сервистік, басқа да қызметтер ұсыну;
- 9) еншілес ұйымдар құру, сондай-ақ басқа ұйымдар құру;

- 10) сауда-коммерциялық, жарнама-баспа, басқа қызмет атқару, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ішкі және сыртқы нарықтарда жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен операциялар жүргізу;
- 11) кадрларды оқытуға, қайта дайындауға, біліктілігін арттыруға бағытталған түрлі бағдарламаларды қолдау және қатысу;
- 12) телерадиотарату саласында жұмыс үшін мамандарды оқыту және қайта дайындау жөніндегі меншікті жобаларды әзірлеу және дамыту;
- 13) телекоммуникация жүйелерін, соның ішінде байланыстың талшық-оптикалық желілердің негізінде, «Жеке радиошақыру» жүйелерінің және атына жіберілетін ақпараттық жүйелердің ақпарат беретін жер серіктік жүйелерін құру, пайдалану, дамыту;
- 14) «Телемәтін», «Бейнемәтін», «Электронды пошта» түріндегі ақпараттық қызметтердің қосымша түрлерімен азаматтарды және заңды тұлғаларды қамтамасыз ету жүйелерін, құралдарын, азаматтар мен заңды тұлғаларға бұқаралық ақпараттық қызмет көрсететін басқа да құралдарды құру, пайдалану, дамыту;
- 15) өнеркәсіпте, телекоммуникацияда, экономиканың басқа да салаларында ғылыми-техникалық жетістіктер әзірлеу және енгізу;
- 16) заңнамаға сәйкес пайдаланушылардың ұлттық және шетелдік автоматтандырылған деректер қорына жылдам телекіруін ұйымдастыру;
- 17) түрлі процестерді басқаратын ақпараттық технологиялар, соның ішінде халықаралық желілермен, ақпараттық жүйелермен, шетелдік кәсіпорындармен және ұйымдармен байланысты банктік және жабдықтау қызмет саласын құру;
- 18) электр жабдықты, тұрмыстық электр техниканы, киім-кешекті, азық-түліктік және өнеркәсіптік тауарларды, басқа өнімді жеткізумен байланысты коммерциялық қызмет;
- 19) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құрылыс-монтаждау жұмыстары;
- 20) инвестициялық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- 21) ғылыми-зерттеу, жобалау және тәжірибелік-конструкторлық, кешенді енгізу және іске қосу-жөндеу жұмыстарын атқару;
- 22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес сыртқы экономикалық қызмет атқару;
- 23) көрмелер және таныстырулар ұйымдастыру;
- 24) өндірістік, тұрғын, әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы нысандар салу және кейіннен пайдалану;
- 25) көлік-экспедициялық қызметтер ұсыну;
- 26) туристік шараларды дамыту және өткізу;
- 27) байланыс, телекоммуникация саласындағы мамандарды, радио және телевидение шығармашылықты жұмыскерлерін, соның ішінде шетелде оқыту және олардың тәжірибе жинауы;
- 28) ғылыми-техникалық ақпаратты, технологияларды, зияткерлік меншіктің басқа нысандарын сатып алу және сату;
- 29) фильмдерді, сериалдарды, аудиовизуалды туындыларды жасау;
- 30) Серіктестіктің тауарларын, жұмыстарын және қызметтерін жылжытуға бағытталған ұтыс ойындарды/лотереяларды, конкурстарды және өзге ұқсас жарнамалық науқандарды өткізу;
- 31) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

Қоғамның қызметі маусымдық сипатта емес. Қызметтер жыл бойы көрсетіледі. Қазақстан Республикасының байланыс және телерадиотарату туралы заңнамасының талаптарына сәйкес телерадиотарату құралдарының, телерадиотарату және мәліметтерді тарату желілерінің жоспарлық-профилактикалық жұмыстарын, негізгі технологиялық жабдықтың күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Бұл жұмыстар жоспарлы-ескерту жөндеу жұмыстарының кестесі және техникалық регламенттер және жабдық өндірушілерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтары негізінде жүргізіледі.

2) қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Ақылы телевидение қызметтерін ұсыну саласында Қоғамның негізгі бәсекелестері болып табылады:

Кабельдік телевидение және IPTV:

- Негізгі бәсекелес «Digital TV» (кабельдік телевидение) және Id TV (IPTV) сауда маркалары бар «Қазақтелеком» АҚ болып табылады;

- Шекте қызметтерді көрсететін шағын өңірлік операторлар.

OTT TV (интернет телевидение):

- Mobi TV сауда маркасы бар «Кселл» АҚ;

- BeeTV сауда маркасы бар «КаР-Тел» ЖШС (Beeline);

- Galat TV сауда маркасы бар «Қазтелерадио» АҚ.

Спутниктік телевидение:

- Otau TV сауда маркасы бар «Қазтелерадио» АҚ;

- Caspio HD сауда маркасы бар «Caspio HD» (Каспио Эйч Ди) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

- Қазақстан аумағында заңсыз тарататын ресейлік спутниктік телевидение операторлары;

- Алуан түрлі заңсыз сервистер (шетелдік спутниктерден тегін сигнал, кардшеринг және т.б.).

3) Қоғамның негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар:

Оң факторлар:

- Қазақстанда тұрақты макроэкономикалық жағдайдың сақталуы, осының салдарынан ақылы телевидение (ПТВ) және кең жолақты деректер беру (ШПД) қызметтеріне деген төлем қабілеттілік сұранысты қолдау;

- «нөлдік» жылдардан басталған кезеңде ПТВ және ШПД нарықтарының динамикалық дамуы, 2016-2019 ж. кезеңде ПТВ 35%-дан 63% дейін, ШПД 45%-дан 70% дейін енуінің ұлғаюына жасалған тәуелсіз болжам компания бизнесін жүргізу көрсеткіштерінің сандық және сапалық өсу мүмкіндігін көрсетеді;

- ақылы телевидение нарығында компанияның көшбасшылық орындары – 42,6%;

- ақылы телевидение нарығының басқа қатысушыларымен тарифтік саясатқа бәсекелестік әсерін шектеу, бұл компания кірістілігін жоғары деңгейде қолдауға мүмкіндік береді;

- корпоративтік сектордан клиенттердің қандай да бір тәуелдігі болмағанда 600 мыңнан астам жеке клиентті білдіретін абоненттік базаны әртараптандырудың жоғары дәрежесі;

- клиентке бағытталған тарифтік және өнімдік саясат;

- заманауи техникалық құралдар мен бағдарламалық жасақтаманың болуы, бұл ПТВ және ШПД қызметтерін бәсекеге қабілетті тарифтерде ұсынуға мүмкіндік береді, нарықтағы үлесін ұстап тұрып ғана қоймай ұлғайту үшін қомақты әлеуетке ие;

- компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының, қызметкерлерінің, топ-менеджменттің жоғары кәсіби деңгейі.

Теріс факторлар:

- компанияның алдыңғы даму кезеңінде күрделі шығындарды қаржыландырмау;

- тегін (Otau TV) және төмен бюджетті (Ресей операторлары) жер серіктік телевидение сегментінің өсуі есебінен нарық үлесінен айрылу қауіпі, республиканың бірқатар өңірлерінде жергілікті кабельді операторлардың демпингтік бағаларға қызметтерін ұсынатын пираттық қызметі;

- Қоғамның аз үлесі кезінде кең жолақты деректер беру нарығында «Қазақтелеком» АҚ басым болуы;

4) Қоғамның лицензиялары (патенттері), олардың қолданылу кезеңі, зерттеу және әзірлеу шығындары, соның ішінде қоғам демеуші болған зерттеу әзірлемелері туралы ақпарат:

Акционерлік қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

5) Қоғамға жеткізілетін (ұсынылатын) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және қоғам экспортқа сататын (ұсынатын) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) таратылатын өнімнің (ұсынылатын жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі:

Акционерлік қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

6) Нәтижелері бойынша қоғам қызметі тоқтайтын немесе өзгертін, одан ақшалай және басқа міндеттемелер өндіріп алынатын, оның қатысуымен болған сот процестерінің мәнін көрсетіп, қоғамның сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер:

Акционерлік қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

7) Қоғам қызметіне әсер ететін тәуекелдің басқа факторлары:

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында немесе биржадан тыс нарықта акциялар бағасына, сондай-ақ қоғам акцияларының құнына әсер ететін нарықтағы өнім құнының өзгеруіне әсер ететін тәуекелдер:

Қоғам бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы немесе биржадан тыс нарықтағы акциялар бағасына, сонымен қатар қоғам акцияларының құнына әсер ететін нарықтағы қызметтер құнының өзгеруіне әсер ететін негізгі тәуекел келесілердің салдарынан қызметтерге сұраныстың азаюы болып табылады деп санайды:

- ақылы телевидение және мәліметтерді тарату нарығының монополизациясы;

- Қазақстан Республикасы аумағында шетелдік телеарналарды телевизиялық тарату құқығына заңнамалық шектеулерді белгілеу.

Инфляциямен, девальвациямен және банктік пайыз мөлшерлемелерімен шартталған тәуекелдер:

Бұл тәуекелдер Қоғамға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикасына әсер етеді. Өз қызметінде Қоғам шетелдік өндірістің технологиялық жабдығын қолданады, сондықтан шығындардың елеулі бөлігіне ресейлік рубльге және АҚШ долларына қатысты теңге бағамы әсер етеді. Өткен девальвациялардың тәжірибесі, жеткізушілер мен мердігерлер өнімдері мен қызметтерінің құны аталған валюталарға бағамның өзгеруімен іс жүзінде тікелей байланыста болады. Экспорттың шағын көлемі (сатылым көлемінен 10-12%) девальвациялық тәуекелдерді біршама төмендетуге мүмкіндік бермейді. Қазақстан Республикасы экономикасының ағымдағы күйі банктік пайыздың жоғары мөлшерлемелерімен сипатталады. Мемлекет белгілеген сандық телевидениені дамыту және оны бірге енгізу векторы жаңа жабдықты сатып алумен қолданыстағы телекоммуникациялық желілердің модернизациясын және технологияларды дамытуды, сонымен қатар инвестициялық преференциялардың болмауын немесе мемлекет тарапынан шығындарды субсидиялауды талап етеді, бұл қарыз қаражатын тарту қажеттілігін негіздейді. Бірақ та пайыздар бойынша шығындардың елеусіз үлесін ескерумен, банктік пайыз мөлшерлемесімен байланысты тәуекел жоқ.

Көрсетілетін қызметтердің бәсекелестік қабілетіне байланысты тәуекелдер:

Қоғам қызметтер сапасы мен бағаны оңтайлы үйлестірудің арқасында Қазақстан Республикасының нарығында өз орнын алады. Қоғам тұрақты негізде нарықтардың талдауын және бәсекелес компаниялар өнімдерінің мониторингін жүргізеді. Өз өнімдерінің бәсекелестік қабілетін қолдау және жақсарту үшін оның қызметі тиімді технологияларды енгізуге, заманауи және өндірістік жабдықты, басқару тәжірибесін қолдануға бағытталған. Қоғам нарықтық тенденциялардың кез келген өзгерістеріне уақытында жауап беру үшін үнемі технологияларды жетілдіреді, жаңа өнімдерді әзірлейді. Қоғам технологияларды дамытуға қосымша инвестицияларды салады, қызметтер тарифтерін азайтады, қызметтердің өзіндік құнын төмендету үшін сақтық қорларды іздестіреді.

Елдегі саяси жағдайдың және заңнаманың өзгеруімен байланысты тәуекелдер:

Қазақстандағы тұрақты саяси жағдайға байланысты осы тәуекелдің төмен деңгейі туралы айтуға болады.

Әлеуметтік факторлармен байланысты тәуекелдер:

Қоғам қызметкерлердің жағымды еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге бағытталған орынды әлеуметті саясатты жүргізеді, осыған байланысты бұл тәуекел төмен.

9. Өндірілетін немесе тұтынылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 5 (бес) және одан көп пайызын құрайтын көлемде қоғам тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар және жеткізушілер туралы мәліметтер:

Акционерлік қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

4. Қоғамның қаржы жағдайы

10. Әр активтің тиісті баланстық құнын көрсетіп, қоғам активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын қоғам активтері:

Акционерлік қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

11. Қоғам активтерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан көп мөлшеріндегі дебиторлық берешек:

Акционерлік қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

12. Қоғам міндеттемелерінің қамсыздандыруы болып табылатын қоғам активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын қоғам активтері:

Акционерлік қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

13. Сенімді басқаруға берілген қоғам активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын қоғам активтері

Қоғамның активтері сенімді басқаруға берілген жоқ.

14. Қоғам міндеттемелерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан көп пайызын құрайтын қоғамның кредиторлық берешегі:

Акционерлік қоғамның жарияланған акциялары шығарылымы проспектісінің күніне қайта құрылған болып табылады.

5. Жарияланған акциялар шығарылымы туралы мәліметтер

15. Жарияланған акциялар шығарылымы туралы мәліметтер

1) жарияланған акциялар саны, түрлері - 50 572 714 (*елу миллион бес жүз жетпіс екі мың жеті жүз он төрт*) дана жай акция;

2) құрылтайшылар төлеген акциялар саны, түрлері - 50 572 714 (*елу миллион бес жүз жетпіс екі мың жеті жүз он төрт*) дана жай акция;

3) құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны - 1 000 (*бір мың*) теңге;

4) Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдікті мөлшері –*артықшылықты акциялар шығарылмайды;*

5) акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтай жиналысы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қоғам сатып алғанда акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіткен күн – *Қоғамның Жалғыз құрылтайшысының 30.12.2016 жылғы №1 шешімі.*

16. Қоғам жарғысымен қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастау қарастырылса, осы тармақта қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастау талаптары, мерзімдері мен тәртібі ашылады:

Қоғам жарғысымен Қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын Қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастау қарастырылмаған.

17. Төлем агенті туралы мәліметтер:

Қоғамның төлем агенті жоқ.

18. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі заңына сәйкес қор биржасының ресми тізіміне эмиссиялық бағалы қағаздарды қосу және болу мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін ұсыну шартын жасау жөніндегі міндеттеме белгіленсе, осы тармақта келесілер ашылады:

Қоғамның қор биржасының ресми тізімінде эмиссиялық бағалы қағаздарды қосу және болу мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін ұсыну жөніндегі шарт жасаған жоқ.

6. Инвесторларға арналған ақпарат

19. Инвесторларға арналған ақпарат:

1) Инвесторлар қоғам жарғысының көшірмесімен, жарияланған акциялар шығарылымының проспектісімен, аталған құжаттарға енгізілген өзгерістермен, толықтырулармен таныса алатын жерлер, сондай-ақ қоғам жарғысына сәйкес қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атауы туралы мәліметтер:

- Қоғамның орналасқан орны бойынша: Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қаласы, Әйтиев көшесі, 23-үй;

- корпоративтік сайты: www.almaty.kz.

2) Тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиесілігі көрсетіліп, соңғы 3 (үш) аяқталған қаржы жылындағы қоғамның қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (болса)):

- 2013-2015 жж. - «ALMIR CONSULTING» ЖШС (27.11.1999 жылғы №00000014 мемлекеттік лицензия), Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 19, «Нұрлы - Тау» бизнес орталығы, 2 Б корпусы, 403, 905 офис, тел: +7(727) 311-01-18;

- «ALMIR CONSULTING» ЖШС Директоры Искендірова Бахытжан Касымовна (06.07.1998 жылғы № 0000411 Аудитордың Біліктілік куәлігі);

- Трегуба Ирина Евгеньевна, 14.11.1998 жылғы №0000464 Аудитордың Біліктілік куәлігі.

«ALMIR CONSULTING» ЖШС Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанында аккредиттелген «Аудиторлар алқасының» Кәсіби аудиторлық ұйым мүшесі болып табылады және заңды тұлғаны «Аудиторлар алқасы» Кәсіби аудиторлық ұйым мүшесі деп тану туралы куәлігі бар.

24.06.2011 жылдан бастап «ALMIR CONSULTING» ЖШС аудиторлық компаниясы Халықаралық бухгалтерлер федерациясының «Фирмалар форумы» халықаралық бухгалтерлік желілер қауымдастығының әрекет ететін толық мүшесі болып табылатын IESnet халықаралық бухгалтерлік желілер қауымдастығының әрекет ететін толық мүшесі болып табылады.

«ALMIR CONSULTING» ЖШС қаржы есептілігіне байланысты қаржы есептілігінің және ақпараттың аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымдарға, оригинаторларға және эмитенттерге, соның ішінде бағалы қағаздары бірінші санат бойынша Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне кіргізілетін немесе кіргізілген депозитарий қолхаттарының базалық активі эмитенттеріне қойылатын KASE Қазақстандық қор биржасының біліктілік талаптарына сәйкес келетін қазақстандық аудиторлық компания болып табылады.

3) Акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтай жиналысы бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында қоғам акцияларды сатып алғанда олардың құнын анықтау әдістемесін бекіткен күн:

Қоғамның Жалғыз құрылтайшысының 30.12.2016 жылғы №1 шешімі.

Уәкілетті тұлға

Суйменбаев А.А.

**«Алма Телекоммуникациясы Қазақстан» АҚ
Акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу кезінде
олардың құнын анықтау
ӘДІСТЕМЕСІ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістеме Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және «Алма Телекоммуникациясы Қазақстан» АҚ Жарғысына сәйкес әзірленіп, «Алма Телекоммуникациясы Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Қоғам») орналастырған акциялардың сатып алыну тәртібі мен Қоғам акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында сатып алған уақытта олардың құнын анықтау әдістемесін белгілейді.
2. Қоғам орналастырылған акцияларды кейіннен сату, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің құқықтарын тиісінше сақтау мақсатында (Қоғамда акционерге тиесілі Қоғамның акцияларын сатып алу міндеті пайда болған жағдайда) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін басқа да мақсаттарда осы Әдістеменің талаптарына сәйкес сатып алады.
3. Қоғам орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – акционерлерден Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасымен белгіленген талаптардың ескерілуімен Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – акционерлер үшін белгіленген тәртіппен сатып алады.
4. Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және (немесе) сауда-саттық ұйымдастырушысының ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен осы Әдістемемен қарастырылған негіздер бойынша сатып алады.
5. Қоғам сатып алған акциялар акционерлерінің жалпы жиналысының кворумын анықтау кезінде ескерілмейді және ол жердегі дауыс беруге қатыспайды.
6. Қоғам сатып алған орналастырылған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
7. Осы Әдістеме Қоғамның Акциялар шығарылымы проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Акционерлер Әдістемемен Қоғамның атқарушы органы орналасқан орын бойынша таныса алады.

2-тарау. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуының жалпы талаптары

8. Осы Әдістеменің күші Қоғам өзі шығарған акцияларды:
 - 1) Қоғамның бастамасымен;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда акционердің талабымен;
 - 3) акционердің өтінішімен;
 - 4) сот шешімімен сатып алу жағдайларына таралады.

9. Орынды болған жағдайда Қоғамның Атқарушы органы Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның орналастырылған акцияларын Қоғамның сатып алуы туралы арыз беруге құқылы. Бұл ретте мұндай арызға төмендегілерді қамтитын акцияларды сатып алу бойынша ұсыныстар қосылып берілу керек:

1) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуының орындылығының негізделуі мен сатып алудағы мақсаттар;

2) Қоғамның сатып алуына ұсынылатын Қоғамның орналастырылған акцияларының саны мен түрі;

3) орналастырылған акциялардың сатып алу бағасы немесе сатып алу бағасын белгілеу әдісі;

4) сатып алудың басқа да шарттары.

10. Атқарушы органның арызымен келіскен жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Әдістемемен қарастырылған жағдайларда Қоғамның өзі орналастырған акцияларды сатып алуға құқығы жоқ.

12. Егер Қоғам сатып алып отырған орналастырылған акцияларының саны акцияларды сату-сатып алу мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейін жалпы санының бір пайызынан асса, Қоғам акцияларды сатып алатындығы жайлы Қоғамның www.almatv.kz корпоративтік сайтына хабарландыру орналастыру арқылы өз акционерлеріне хабарлауға міндетті.

13. Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуы туралы хабарландыруда сатып алынатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, сатып алу шарттары, Қоғам сатып алатын акцияларды сатуға өтінім қабылданатын мерзім және аралығында акциялар сатып алынатын және аяқталған соң Қоғам оларды сатып алудан бас тартатын мерзім көрсетілу керек.

14. Қоғам акцияларды белгіленген мерзімде акцияларды сатуға өтінім берген және акцияларды сатуға өтінім қабылдау аяқталатын күннің сағат 00:00 жағдай бойынша осындай болып қала беретін акционерлерден ғана сатып алады

15. Егер Қоғам орналастырылған акцияларды сатып алуға өтінім қабылданатын мерзім аралығы аяқталған соң акционерлер Қоғамның сатып алуына ұсынған акциялар саны Қоғам сатып алынуын жариялаған акциялар санынан асса, бұл акциялар Қоғам есептейтін пропорция коэффициентінің негізінде акционерлерден өздеріне тиесілі акцияларға пропорционал сатып алынады.

16. Қоғам сатып алатын орналастырылған акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан аспау керек, ал орналастырылған акцияларды сатып алу шығыстары Қоғамның меншікті капиталының он пайызынан аспау керек:

1) орналастырылған акциялар акционердің талабымен сатып алынғанда — Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы (Жалғыз акционер) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерге өзіне тиесілі акцияларды Қоғамның сатып алуын талап етуіне құқық беретін бір немесе бірнеше шешім қабылдаған күндегі жағдай бойынша.

2) орналастырылған акциялар Қоғамның бастамасымен сатып алынғанда – Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдаған күндегі жағдай бойынша.

17. Сатып алынатын акцияларды саны мен Қоғам акциялардың сатып алынуына жұмсайтын қаражат осы Әдістеменің 16-тармағының 1) – 2) тармақшаларында көрсетілген мәндердің ең азынан аспауы тиіс.

18. Оған сәйкес Қоғамның акциялары оның акционерлерінен сатып алынатын пропорция коэффициенті келесі жолмен есептеліп шығарылады:

$K = A/C$, мұнда:

K – пропорция коэффициенті;

А – Қоғам сатып алуға жариялаған акциялардың жалпы саны;

С – Қоғамның сатып алынуға ұсынылған орналастырылған акцияларының жалпы саны.

19. Қоғам акционерден сатып алатын акциялардың түпкі саны акционер сатып алуға ұсынған акциялар санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеп шығарылады. Егер жоғарыда сипатталған есептеуді қолдану қорытындысы бойынша Қоғам акционерден сатып алып отырған акциялар саны акциялардың бүтін санына тең болмаса, Қоғам сатып алып отырған осындай акционердегі акциялардың саны азайтылып немесе көбейтіліп дөңгелектенеді.

20. Қоғам өзі орналастырылған акцияларды акционердің (акционер өкілін) құқықтық қабілетін немесе әрекетке қабілеттігін, оған меншік құқығында тиесілі Қоғам акцияларының санын куәландырған соң, тараптар Акцияларды сату-сатып алу шарты мен Акцияларды шығару/есептеу бұйрықтарына қол қойғаннан кейін және акцияларды сату-сатып алу мәмілесі тіркелгеннен кейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен сатып алады.

21. Акцияларды шығару/есептеу бұйрықтары (бұдан әрі – «Бұйрықтар») акционердің дербес шотынан акцияларды есептен шығаруға және оларды Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесінде сатып алынған бағалы қағаздар үшін Қоғамның шотына есептеуге негіз болады.

22. Бұйрықтар орындалу үшін Тіркеушіге табысталады.

23. сатып алынатын акциялардың ақысына қолма-қол ақшасыз ақша аудару үшін акцияларды сату-сатып алу шартында міндетті тәртіпте акционердің (заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның) банктік деректемелері туралы мәліметтерді, я болмаса акционерлер сатып алынатын акциялардың ақысына (жеке тұлға акционерлер үшін) қолма-қол ақшаны ала алатын орын туралы мәліметтерді, нақты тұратын жердің мекенжайын және байланыс телефонын қамту керек.

24. Осы Әдістеменің 23-тармағында көрсетілген құжаттар Қоғамның офисінде немесе Тіркеушіде рәсімделеді.

25. Қоғамның акцияларды сатуға ниеті бар акционерлерден орналастырылған акцияларды сатып алу бойынша құжаттарды рәсімдеу кезінде акционердің (акционер өкілінің) жеке басын куәландыратын мерзімі өткен әрекет ету күші жоқ құжаттар, уақытша жеке куәліктер, сондай-ақ бұрынғы үлгідегі төлқұжаттар қабылданбайды.

26. Акцияларды сатып алу бойынша акционерлермен соңғы есеп айырысу Акцияларды сату-сатып алу шартымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

27. Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің келісім беруімен сатып алынып отырған акцияларды ақшадан басқа жолмен Қоғам мүлігімен төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

28. Осы Әдістеменің 2-тарауындағы тармақтардың күші осы Әдістеменің 3 және 4 тарауларына таралады.

3-тарау. Орналастырылған акцияларды Қоғамның бастамасымен сатып алу тәртібі

29. Қоғам өзі орналастырған акцияларды егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қоғамның Жарғысымен өзгеше белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде акционердің келісімімен өз бастамасымен сатып алуға құқылы.

30. Төменде көрсетілген жағдайларда Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ:

1) акционерлердің алғашқы жалпы жиналысы өткізілгенге дейін;

2) акцияларды құрылтайшылар арасында орналастыру қорытындысы туралы алғашқы есеп бекітілгенге дейін;

3) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының мөлшері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген ең төмен жарғылық капитал мөлшерінен кеміп қалса;

4) егер сатып алу кезінде Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттылық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіз немесе пәрменсіздік белгілері бар болса, я болмаса аталған белгілер Қоғамда талап етілетін немесе сатып алынуы көзделетін акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

5) егер сотпен немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен (Жалғыз акционермен) Қоғамды тарату туралы шешім қабылданса;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және/немесе Қоғаммен қарастырылған басқа да жағдайларда.

31. Қоғамның Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде акцияларды түрі, саны, сатып алу бағасы, сатып алу шарттары, сатып алуға өтінім қабылданатын мерзім және аралығында акциялар сатып алынатын және аяқталған соң Қоғам оларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын мерзім көрсетілу тиіс.

32. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуға өтінімдер қабылданатын мерзім аяқталған соң Қоғамның жауапты жұмыскерлері акционерлер сатып алуға ұсынған Қоғам акцияларының санын Қоғам сатып алуға жариялаған акциялар санымен салыстырады да, пропорция коэффициентін есептейді (қажет болса).

33. Сатып алынған бағалы қағаздар үшін Қоғамның шотына акциялар есептеу туралы акционерлер тізілімінен үзінді көшірменің негізінде Қоғамның жауапты жұмыскері ақша аудару үшін Қоғамның бухгалтериясына акционердің толық атауын немесе аты-жөнін, акционердің (акционер өкілінің) жеке басын куәландыратын құжатты, акционердің БСН (егер қажет болса) және ақша есептелу үшін банктік деректемелерді көрсетіп Өкім (бұдан әрі – «Өкім») дайындайды. Қоғамның жауапты жұмыскері осылармен бірге Өкімге Акцияларды сату-сатып алу шарттарының түпнұсқаларын қосып береді.

34. Бухгалтерия Өкімде көрсетілген деректерді қосымша Акцияларды сату-сатып алу шартында көрсетілген деректермен салыстырып, ақшаны акционердің Акцияларды сату-сатып алу шартында көрсеткен деректемелерге аударды.

35. Акцияларды ұзақ уақыт аралығында сатқан тұлғалардың сұранысына ие болмаған сомалар сұранысқа ие болған уақытқа дейін ағымдағы/жинақ шотта қала береді.

36. Директорлар кеңесі сатып алынған акцияларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін тәсілдермен сату туралы шешім қабылдауға құқылы.

4-тарау. Акциялардың акционердің талабымен сатып алу тәртібі

37. Қоғам орналастырылған акцияларды акционерінің талабы бойынша сатып алу керек. Ол мұндай талапты төмендегі жағдайларда қоя алады:

